

**Павлодар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Павлодар ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 71/315 шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2/13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 7323 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 қарашадағы № 9/103 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 21.11.2023 № 9/103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

Павлодар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар аудандық мәслихатының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Павлодар ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 15 мамырдағы № 71/315 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6847 болып тіркелді) келесі өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6-тармақтағы 13) тармақша орыс тілінде жаңа редакцияда жазылсын:

"сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп танылған азаматтар;"

6-тармақтағы 12) тармақша мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"I типті қант диабеті ауруымен ауыратын адамдар;"

7-тармақтағы 2) тармақша мынадай мазмұндағы он екінші, он үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Үлгілік қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты және Павлодар облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының " Павлодар ауданының емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан аталған ауруды растайтын анықтаманы қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде 6-тармақтың 12) тармақшасының жетінші абзацында көрсетілген санат үшін;"

"Үлгілік қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты, тұру шығыстарын растайтын түбіртектерді, межелі пунктке дейінгі және тұрғылықты жеріне кері қарай жол жүру билеттерін қоса бере отырып, өтініш негізінде санаторлық - курорттық емделудің құнын өтеу ретінде санаторлық - курорттық емделуге заңды өкілдің еріп жүруіне 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде 6-тармақтың 8) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санат үшін;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы*

*Ж. Шугаев*